

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АРХИВТЕР МЕН ҚҰЖАТТАМА БАС БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ<*>

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1993 жылғы 2 желтоқсан N 1214. Қаулының атауы мен мәтініндегі сөздер
алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.08.20. N 1031
қаулысымен. ~P961031 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1997.04.28. N 672 қаулысымен. ~P970672

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасы
т у р а л ы е р е ж е б е к і т і л с і н .

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне Қазақстан
Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасымен келісе отырып,
жергілікті мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарының, сондай-ақ
аудандық (қалалық) архивтердің жүйесін бекіту тапсырылсын.

2. Былай деп белгіленсін:

- облыстық архивтер мен құжаттама басқармалары және Алматы қалалық
архивтер мен құжаттама комитеті туралы ережелерді Қазақстан
Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасымен келісе отырып
облыс және Алматы қаласының әкімдері бекітеді;

- Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивтері, облыстардың
мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдары, Алматы қаласындағы Орталық
мемлекеттік архив туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Архивтер мен
құжаттама бас басқармасымен келісе отырып архивтер мен құжаттама
басқармаларының тиісті органдары, ал Ленинск қаласындағы Мемлекеттік архив
туралы ережені - Ленинск қаласының әкімі бекітеді;

- аудандық (қалалық) архивтер туралы ережелерді облыстық және Алматы
қалалық архивтер мен құжаттама басқармаларының органдарымен келісе отырып
жергілікті әкімдер бекітеді.

3. Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасына
тікелей бағынатын орталық мекемелердің, ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 2 желтоқсандағы
N 1214 қаулысымен
Б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама
б а с б а с қ а р м а с ы т у р а л ы
Е р е ж е

1. Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама бас басқармасы<*> архив ісін, архивтер мен құжаттаманы мемлекеттік басқарудың орталық салааралық органы болып табылады және қызмет барысында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бағынады.

<*> Ары қарай текст бойынша - Бас архив басқармасы.

Бас архив басқармасы республиканың мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында, кәсіпорындарында, мекемелер мен ұйымдарында архив ісі мен құжаттардың түзілуі саласында республиканың барлық аумағында бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етеді, олардың ведомстволық тиістілігі мен меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын басқарады және оның жай-күйі мен дамуына жауап береді.

Бас архив басқармасы және оған қарасты республикалық бағыныстағы бөлімшелер, облыстық, Алматы, Ленинск қалалық әкімшіліктерінің архивтері мен құжаттамаларын басқару органдары, республиканың мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдары, жергілікті әкімшіліктер жанындағы аудандық және қалалық архивтер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архив қызметін құрайды және Бас архив басқармасының біртұтас жүйесіне енеді.

Бас архив басқармасы Қазақстан Республикасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" заңына сәйкес тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштерін қорғау, сақтау және пайдалану саласында мемлекеттік басқару о р г а н ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Бас архив басқармасы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Республика үкіметінің шешімдерін және осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Бас архив басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

- республикада архив ісі мен құжаттардың түзілуі саласында мемлекеттік бағдарламаларда әзірлеу және жүзеге асыру, құжаттары, архивтері, архив қорлары мен коллекциялары жалпыұлттық құнды деп табылған мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың, жеке

азаматтардың осы мәселелер жөніндегі жұмысын мемлекеттік тұрғыда реттеу
ж ә н е ү й л е с т і р у ;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын құру, оның қалыптасуын, сақталуын және мемлекеттің, қоғам мен азаматтардың мүддесі үшін кеңінен пайдаланылуын қамтамасыз ету, ұлттық архив қорын жинақтаудың көзі болып табылатын архивтерді, архив қорлары мен коллекцияларын олардың қай жерде сақталғанына, қай уақытта пайда болғанына және меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасы аумағында орталықтандырылған мемлекеттік есепке
а л у д ы ү й ы м д а с т ы р у ;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құрамына енетін құжаттар бойынша ақпараттар желісі мен мәліметтер ауқымын құру;

- архивтерге, архив қорлары мен коллекцияларына, олардың иелері Қазақстан Республикасының архив ісін, архивтер мен құжаттаманы жүргізу саласындағы заңдарын сақтау жайында мемлекеттік тексерісті жүзеге асыру;

- архивтер, архив қорлары мен коллекцияларының иелерін архив ісі мен құжаттаманы жүргізуді жетілдіру, осы салада ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізу мәселелері бойынша әдістемелік, ақпараттық және кеңес беру жағынан қамтамасыз ету;

- тарих және мәдениет деректі ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік архив қызметі мекемелерін ұйымдастыру және қызмет жасау принциптерін анықтау, оны басқару;

- архив ісінің жай-күйі мен құжат түзілу процестеріне талдау жасау, олардың дамуының мемлекеттік концепциясын әзірлеу, отандық архив мекемелерінің және шетелдік озық тәжірибені зерделеу және тарату;

- архивтану, құжаттану және археография саласында ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру ;

- архив ісі мен құжаттаманы басқару саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

- архив ісі мен құжаттаманы басқару саласындағы халықаралық байланыстарды жүзеге асыру .

4. Бас архив басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- архив ісі мен құжат түзілуі саласындағы Қазақстан Республикасының саясатын жүзеге асыруды ұйымдастырады, осы мәселелер жөніндегі маңызды республикалық бағдарламаларды орындау ісіне қатысады;

- архив ісі мен құжаттаманы басқару жөніндегі заңдар мен басқа нормативтік актілердің жобаларын дайындайды ;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын жинақтауды және сақтауды ұйымдастырады, мемлекеттік архивтерге құжаттарды өткізудің

белгіленген тәртібі орындалуын, Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын, мемлекеттік емес құрылым ұйымдарының және азаматтардың меншігіндегі тарих пен мәдениет деректі ескерткіштері есебінен толықтырылып отыруын қамтамасыз етеді;

- мемлекеттік және ведомстволық архивтерде сақталынатын Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын жинақтаудың көзі болып табылатын архивтердің, архив қорлары мен коллекцияларының орталықтандырылған мемлекеттік есебін, сондай-ақ Ұлттық архив қорының құжаттары туралы деректер жиынтығын (каталогын) жүргізеді, тарих пен мәдениет деректі ескерткіштерін және басқа архив құжаттарының сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасайды;

- архив құжаттарын әрі қарай сақтау немесе сұрыптап көру мүмкіндігін айқындау үшін архив құжаттарының құндылығын мемлекеттік сараптаудан өткізуді ұйымдастырады;

- мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының міндетті түрде орындауына жататын архив ісі, құжаттану және құжаттаманы басқару мәселелері жөніндегі нұсқаулар мен ережелерді, оқу және әдістемелік құралдарды, басқа нормативтік құжаттарды өз құзырының шеңберінде әзірлеп бекітеді;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік архив қызметі мекемелерінің ұйымдасуы мен іс-әрекетінің принциптерін анықтайды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтері және олардың филиалдарының жүйесі мен құрылымын жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырып жүргізеді; жергілікті әкімшіліктердің өзіне қарасты аумақтағы мемлекеттік архивтер мен басқа архив мекемелерін құру, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы ұсыныстарын қарайды, осы ұсыныстар бойынша түйінді пікір білдіреді.

- құжаттар мен деректі ескерткіштерді қорғаудың, пайдаланудың, бұзылудан сақтаудың, қалпына келтірудің, сақтаудың ең ұтымды жүйелері мен тәсілдерін архив жұмысының практикасына енгізуді ұйымдастырады, мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарына қажетті жабдықтар мен материалдардың номенклатурасын жасайды, архив ісі мен құжаттаманы басқаруда автоматтандырылған ақпараттық технологияны әзірлеу, өндіру және пайдалану саласындағы бірыңғай техникалық саясатты белгілейді, ақпараттар желісі мен мәліметтер ауқымын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша ақпарды іздеуді қамтамасыз ету үшін архив анықтамаларының дәстүрлі жүйесін, соның ішінде осыған мүдделі мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен, азаматтармен келісім-шарт негізінде құруды ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасының министрліктерімен, мемлекеттік комитеттері және ведомстволарымен, мемлекеттік емес құрылымдармен бірлесе отырып құжаттау мен құжаттаманы басқарудың бірыңғай ережелерін, ведомстволық архивтердің жұмыс ережелерін енгізуді ұйымдастырады, оларды қолдану ісіне ғылыми-әдістемелік басшылық жасайды;

- министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, басқарудың басқа органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық архивтері мен құжаттаманы басқару қызметінің жұмысын бақылайды. Өз құзыры шегінде мемлекеттік емес құрылымдағы ұйымдар мен азаматтардың архивтерін тексеруді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын республикалық және жергілікті маңызы бар архив құжаттарының құрамына жатқызу мәселесін шешеді және жалпы ұлттық маңызы бар құжаттарды Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивтерінде шоғырландыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады; республика көлемінде құжаттарды мемлекеттік бір архивтен екінші өткізу мәселесін қарап, тиісті мемлекеттік өкімет органдарымен келісе отырып шешеді;

- белгіленген тәртіп бойынша министрліктер мен ведомстволарға, мекемелер мен ұйымдарға шарт негізінде архив құжаттарын ұзақ мерзімге сақтау хұқына лицензия, сондай-ақ мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға республика аумағында деректі ескерткіштерді жинастыруға арнайы рұқсат береді;

- Бас архив басқармасы жүйесіндегі мекемелердің заңды ұйымдар мен жеке адамдарға көрсететін қызмет тарифын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Баға комитетімен келісе отырып бекітеді;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтері мен мемлекеттік архив қызметінің басқа мекемелерінің ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарына басшылық етеді, архив мекемелерінің аймақтық ғылыми-әдістемелік кеңестерінің архивтану, құжаттану және археография саласындағы қызметін ұйымдастырады әрі үйлестіреді, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін архив ісі, құжаттау және құжаттаманы басқару практикасына енгізу жөніндегі шараларды әзірлейді, осы мәселелер жөнінде ғылыми-техникалық ақпарат ұйымдастырады;

- архив құжаттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құрамында мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарында тұрақты сақтауға іріктеп өткізуді ұйымдастырады, республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволары, мемлекеттік емес құрылымдардың орталық басқару органдары және қоғамдық бірлестіктермен бірігіп құжаттардың сақталу мерзімдері көрсетілген тізбелерді әзірлеп бекітеді, сақтау мерзімі көрсетілген құжаттардың үлгі тізбелерін басып шығарады;

- кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың Қазақстан Республикасы ұлттық архив қорының құжаттарын және солардың ақпаратын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес пайдалану тәртібін белгілейді;

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасы архив мекемелерінің шетелдік зерттеушілермен жұмысы туралы Ережені бекітеді;

- Қазақстан халықтарының тарихи жайындағы архив құжаттарын жариялауды ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы анықтамалық-ақпарат әдебиет шығарады, Бас архив басқармасы қарамағына жататын мәселелер бойынша бюллетеньдер басып шығарады;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтері мен филиалдарының, қалалық, аудандық архивтердің құжаттары туралы, олардың халық шаруашылығы, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсатта пайдалану үшін көкейкесті тақырыптар бойынша ақпаратты жұртшылыққа жеткізу жұмысын ұйымдастырады; өткенге шолу жасайтын деректі ақпаратқа деген қоғамдық сұранымды зерттеуді және архив құжаттарын тиімді пайдалануды үйлестіреді;

- деректі ескерткіштер мен басқа да аса құнды құжаттарды насихаттауды жүзеге асырады;

- архив ісі мен құжат түзілуі саласындағы еңбекті, басқаруды және экономиканы ғылыми тұрғыда ұйымдастыру мәселелерін әзірлейді; мемлекеттік архив қызметі мекемелерінің қызметкерлері үшін уақыт пен өнімділік (қызмет көрсету) мөлшерін белгілейді;

- белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архив қызметі мекемелерінің, сондай-ақ республикадағы министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың архивтер мен құжаттаманы басқару қызметтері қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

- белгіленген тәртіп бойынша тікелей бағынышты объектілердің құрылысы мен қайта құруын қаржыландыруды, жобалау-смета құжаттамасын, титулды тізімдерді ресімдейді;

- белгіленген тәртіп бойынша тікелей бағынышты архив мекемелерін қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасы, басқа республикалар және шетел архивтері жұмысының тәжірибесін зерттейді және тұжырымдап таратады, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар, мәжілістер, семинарлар өткізеді, архив ісі, құжаттау және құжаттаманы басқару жөніндегі көрмелерді ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік архив қызметі мекемелерінің шетелдік байланыстарын дамытады және үйлестіреді, халықаралық

ынтымақтастық мәселелерін шешуде өз құзыры шегінде Қазақстан Республикасы мүддесін білдіреді, архив ісі мен құжаттану жөніндегі халықаралық ұйымдардың жұмыстарына қатысады;

- архивтерді реституциялау жөніндегі ұсыныстарды қарап енгізеді, Қазақстан халықтарының тарихы бойынша шетелдегі архив құжаттарын іздеп табуды және түп нұсқасын немесе көшірмесін алуды жүзеге асырады; белгіленген тәртіп бойынша басқа мемлекеттердің архив мекемелерімен бірге көрмелер мен архивтік құжаттарды жариялауды, сондай-ақ құжаттар көшірмелерімен, архивтану әдебиеттерімен алыс-беріс жұмысын ұйымдастырады; ТМД-мен жасалған көпжақты және екіжақты келісімге сәйкес олардың архив мекемелерімен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді;

- белгіленген тәртіп бойынша заңды ұйымдар мен жеке адамдарға Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорына жататын архив құжаттарын Қазақстаннан тысқары жерлерге уақытша алып кетуге рұқсат береді;

- өз қарамағындағы архив мекемелерінің басшы қызметкерлерін қызметінен босату және тағайындау, осы мекемелер қызметкерлерін тұрғын үймен, медицина және қызмет көрсетудің басқа да түрлерімен қамтамасыз ету мәселесі бойынша жергілікті өкімет орындарымен бірлесіп әрекет жасайды; қызметкерлерді әлеуметтік жағына қорғау мәселелерін қарап, тиісті ұсыныстар дайындайды;

- республиканың архив мекемелерінде хұқылық жұмыстарды ұйымдастырады, архив ісі мен құжат түзілу мәселелері бойынша ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жүзеге асырады;

- мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту шараларын қамтамасыз етеді, Бас архив басқармасының, оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік архив қызметі мекемелерінің қызметкерлеріне қатысты көтермелеу және тәртіптік жазалау шараларын қолданады;

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясымен бірлесе отырып жеке құрамы жөніндегі республика мекемелерінің, ұйымдарының және кәсіпорындарының архивтерінде 75 жыл бойы сақталуға тиісті архив құжаттарын мемлекеттік сақтандырудың тәртібі туралы нұсқауларды әзірлейді және бекітеді.

5. Алдына қойылған мақсаттар мен жүктелген міндеттерді шешу үшін Бас архив басқармасына мынадай хұқықтар беріледі:

- республика аумағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, сондай-ақ азаматтардың Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорының құжаттарын, тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштерін қорғау және пайдалану, оларды тұрақты Мемлекеттік сақтауға өткізуге даярлау мен өткізу саласындағы ережелер

мен нормаларды, архив ісі мен құжаттаманы жүргізудің белгіленген тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылау жасау;

- Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардан, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басқару органдарынан ведомстволық архивтер мен құжаттаманы басқару қызметінің жұмысы, мемлекеттік есепке алынған және сақталуда тұрған Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттары мен тарих және мәдениет деректі ескерткіштерінің жағдайы туралы қажетті материалдарды алу;

- осы Ережеде белгіленген өз құзыры шегінде бұйрықтар, қаулылар, нұсқаулар мен ережелер шығаруға, Бас архив басқармасы жүйесіндегі барлық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының қызметі және архив ісі мен құжат түзілуін реттеу мәселесі бойынша кімге бағынышты екеніне қарамастан республиканың барлық мекемелері ұйымдары мен кәсіпорындары орындауға міндетті нұсқаулар беру және оның орындалуын тексеру;

- ведомстволық архивтер мен құжаттаманы басқару қызметінің жұмыс мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы министрліктерінің мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өкілдерін тыңдау;

- ведомстволық нормативтік және әдістемелік құжаттарды, сондай-ақ архив ісі мен құжаттаманы басқару мәселесі бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларды қарап бекіту (келісу);

- республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының, сондай-ақ өкімет пен басқарудың жергілікті органдарының архив ісі және құжаттаманы басқаруды, Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын, тарих пен мәдениет деректі ескерткіштерін қорғау мен пайдалануды реттейтін нормативті һәм әдістемелік құжаттарының, егер бұл құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе, Қазақстан Республикасының аумағындағы күшін жою немесе тоқтата тұру туралы белгіленген тәртіп бойынша ұсыныстар енгізу;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын, тарих пен мәдениет деректі ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы қолданылып жүрген заңдарды бұзған немесе бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар мен азаматтарға заң жолымен әсер етуге, тіпті сот орындарына беруге дейінгі тиісті шаралар қолдану;

- үйлестіру, ғылыми-техникалық және басқа кеңестерді, ведомствоаралық сараптау комиссияларын құру, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын, тарих және мәдениет деректі

ескерткіштерін қорғау мен пайдалану, архив ісі мен құжаттаманы басқару мәселелері жөнінде конференциялар, мәжілістер мен семинарлар өткізу;

- архив ісі және құжат түзілу саласындағы мәселелерді зерделеп шешу, кеңес өткізу, сондай-ақ құжаттардың құндылығын анықтайтын мемлекеттік сараптау қызметінің жұмысына контракт негізінде, сондай-ақ Ұлттық ғылым академиясымен, "Алаш-Мирас" тарих-архив қоғамымен, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану қоғамымен, өлкетану және басқа қоғамдық ұйымдармен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту негізінде ғалымдарды, мамандарды және сарапшыларды қатыстыру;

- белгіленген заңды ретпен өзіне қарасты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру, тарату немесе басқаның қарамағына беру мәселелерін шешу;

- Қазақстан Республикасы мемлекеттік архив қызметінің қарамағындағы өзіне бағынышты ұйымдар мен мекемелердің хұқықтары мен мүдделерін қорғау;

- архивтану, құжаттану, археография және қосалқы тарихи пәндер саласында орындалатын ең жақсы жұмыстарға конкурс жариялау, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осы мақсатқа бөлінген қаржы көлемінде сыйлықтардың саны мен мөлшерін, конкурстың шарттарын бекіту;

- мекемелер мен ұйымдарға олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, сондай-ақ жеке азаматтарға киноға түсіру, радио және теледидар арқылы хабар беру, фотоқұжат көрмелерін ұйымдастыру, басқа мемлекеттерге әкету үшін көшірмесін алу мақсатында мемлекеттің қарамағындағы архив құжаттарын сақтау, көбейту және пайдалану хұқына белгіленген тәртіп бойынша лицензия беру;

6. Бас архив басқармасын заңда белгіленген тәртіпке сәйкес тағайындалып, бекітілетін бастық басқарады.

Бас архив басқармасы бастығының ұсынысы бойынша оның Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайтын (босататын) о р ы н б а с а р ы б о л а д ы .

Бас архив басқармасы басшыларының арасындағы міндеттерді Бас архив басқармасының бастығы бөліп береді.

Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет деректі ескерткіштерін қорғау мен пайдалану мәселесімен шұғылданатын Бас архив басқармасы басшыларының бірі лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының деректі ескерткіштерді қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

7. Бас архив басқармасының бастығы:

- барлық мемлекеттік органдарда, кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда Бас архив басқармасының мүддесін білдіреді, шарттар жасайды, банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады;

- Бас архив басқармасына жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің

қызметін жүзеге асыруға жеке-дара жауап береді, Бас архив басқармасы орталық аппараты қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

- Бас архив басқармасының орталық аппараты штаттық кестесін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті белгілеген адам саны мен еңбекақы қоры мөлшерінде бекітеді; < * >

- Бас архив басқармасы құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады, олардың ережелерін бекітеді, сондай-ақ Бас архив басқармасы қарамағындағы мекемелер мен ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;

- Бас архив басқармасы орталық аппаратының, оған бағынышты мекемелер мен ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындайды және қызметтен босатады, архив мекемелерінің басшы қызметкерлерін тағайындау және босату ісін жергілікті әкімшілікпен келісе отырып жүргізеді;

- Бас архив басқармасы өз құзыры шеңберіндегі жекелеген мәселелерін шешуді орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ Бас архив басқармасының жүйесіне енетін ұйымдар мен мекемелерге бағыттайды;

- заңдарға, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына және Республика үкіметінің шешімдеріне сүйеніп, олардың орындалуын көздей отырып Бас архив басқармасы өз құзыры шегінде бұйрықтар, қаулылар, нұсқаулар шығарады, аппараттың барлық құрылымдық бөлімшелері, ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті нұсқаулар береді, сондай-ақ қажетті жағдайда, мемлекеттік басқарудың республикалық органдарының өзге басшыларымен бірлесе отырып ортақ бұйрықтар, қаулылар мен нұсқаулар шығарады.

Ескерту. 7-тармақтың төртінші абзацынан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

8. Бас архив басқармасында құрамына Бас архив басқармасының бастығы (алқаның төрағасы), бастықтың лауазымды орынбасары, орталық аппарат пен Қазақстан Республикасы мемлекеттік архив қызметінің басқа басшы қызметкерлері кіретін алқа құрылады.

Бас архив басқармасы алқасының оның құрамына лауазым бойынша кіретін адамдардан өзге мүшелерін Бас архив басқармасы бастығының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Бас архив басқармасының алқасы өзінің жүйелі түрде өткізілетін мәжілістерінде Бас архив басқармасы құзырына қатысты мәселелерді қарайды.

9. Бас архив басқармасы жанында:

- архив ісі, құжаттану және археография теориясы мен практикасы мәселелерін қарайтын Ғылыми кеңес;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарының құрамы мен

жинақтау көздерін анықтайтын, архив құжаттарының құндылығын сараптайтын және оларды тарих пен мәдениет деректі ескерткіштер санатына жатқызу мәселесін шешіп отыратын Орталық сараптау-тексеру комиссиясы;

- құжаттарды мемлекеттік меншікке алатын ведомстволық кеңес жұмысы істейді.

Аталған кеңестер мен комиссиялар және олардың құрамы туралы Ережелерді Бас архив басқармасының бастығы бекітеді.

10. Бас архив басқармасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті ұйғарған Қазақстан Республикасының меншігін иелену, пайдалану және басқару хұқықтарын жүзеге асырады.

11. Бас архив басқармасы банкте есеп айырысу, бюджеттік және валюталық шоты, өзіндік мүлкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, қазақ және орыс тілдерінде атауы бар заңды мекеме болып табылады.

Бас архив басқармасының Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын жинақтау көздерін және деректі ескерткіштердің иелерін тіркеу үшін, архив құжаттарына қожалық ету хұқына, олардың тең бағалы төлқұжаттары мен көшірмелерін басқа мемлекеттерге әкетуге лицензия беру үшін пайдаланатын арнайы нөмірленген мөрлері болады.

Бас архив басқармасының қайта құрылуы мен таратылуы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 2 желтоқсандағы
N 1214 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Архивтер мен құжаттама
бас басқармасына тікелей бағынышты орталық мекемелер
мен ұйымдардың

Тізбесі

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
(Қазақстан Республикасының ОМА)
(Қазақстан Республикасының ОМҚЗТА)
Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық
құжаттама архиві
(Қазақстан Республикасының ОМҒҚА)
Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар
мен дыбыс жазбалар архиві
(Қазақстан Республикасының ОМКҚДЖА)

Мемлекеттік архивтердің деректі материалдарын
микрофото-көшірмелеудің және қалпына келтірудің орталық
лабораториясы
(М А О Л)

Ескерту. Тізбеден Қазақстан Республикасы Қазіргі тарихының
орталық мемлекеттік архиві шығарылып тасталған -
ҚРМК-нің 1994 ж. 25 наурыздағы N 298 қаулысымен.
P940298_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК